

**Н.Бекбосынов атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжінде
сыбайлас жемқорлықты алдын-алу бойынша
№ 5 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: 10 желтоқсан 2024 ж.

Төрайым: Ж.Ж. Булекбаева

Хатшы: М.Ө. Оңайбаева

Қатысқандар:

Колледж басшысы А.К. Жумағали, басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының у.м.а В.К.Айынова, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметтердің функцияларын орындайтын жауапты маман, оқу бөлімінің меңгерушісі А.Б. Игибаева, I және II курс бойынша топ студенттері.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша 2024 жылдың 4 тоқсанда өткізілген іс-шаралар туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Басшының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Ж. Булекбаева сөз алып, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, зиянды әдеттердің алдын-алу туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып өтті.

Осы мәселе бойынша басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының у.м.а В.К.Айынова сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес, 4 тоқсан бойынша атқарылған жұмыстарды атап өтті.

Ағымдағы жылдың 12 қарашасында Маңғыстау облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ұйымдастырған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы біз біргеміз!» атты конкурс қорытындысы бойынша білім беру ұйымдары арасында өткізілген жемқорлыққа қарсы әлеуметтік бейне роликтер байқауының жеңімпазы Н.Бекбосынов атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжінің арнайы пән оқытушысы А.М.Кулбаев бірінші дәрежелі дипломды иеленді.

2024 жылдың 13 қарашасында Ақтау қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты Р.Сыздыков пен Ақтау қаласы ПБ ЖПҚБ УПИ полиция майоры Б.Гайбуллаев «Мен өз елімді мақтан тұтамын» тақырыбында сыбайлас жемқорлықтың салдары, себебі мен оған қарсы күрес туралы жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, зиянды әдеттерден алдын-алу қағидалары бойынша жүргізілген профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметтердің функцияларын орындайтын жауапты маман, оқу бөлім меңгерушісі А.Б. Игибаева студенттерді Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға, қулыққа бой алдырмауға шақырды және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әр адамның азаматтық борышы екендігін түсіндірді. Жасөспірімдерге барлық сақтық шаралары ескертілді.

Колледж басшысы А.К.Жумағали 2024 жылдың 13 желтоқсан күні колледжімізде «SANALY URPAQ» студенттік клубтарының облыстық слеті өткізілетіндігі туралы айтып өтті.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе,

ҚАУЛЫ:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша 2024 жылдың 4 тоқсанда өткізілген іс-шаралар назарға алынсын.
2. Жасөспірімдер мен студенттер арасында алдын-алу мақсатында топтық сабақтар үнемі ұйымдастырылып, түсіндіру жұмыстарының жүргізілуі топ жетекшілеріне жүктелсін.
- 3.«SANALY URPAQ» студенттік клубтарының облыстық слетін ұйымдастырылуы басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының у.м.а В.К.Айыноваға жүктелсін.

Төраға

Хатшы



Ж.Ж. Булекбаева

М.Ө. Оңайбаева



Арнайы пән оқытушысы
Кулбаев Айбол Мейрманович

Ақтау қаласы ПБ ЖПҚБ УПИ полиция майоры
Болатбек Гайбуллаев



Ақтау қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция аға
лейтенанты Руслан Сыздыков

